

ISSN 2523-4684

e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

3 (7) 2023

Қыркүйек 2023
September 2023
Сентябрь 2023

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Астана қаласы
Астана city
город Астана

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

е ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tapygova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2023**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Сайтова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзаганя И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан **№ KZ77VPY00045494, выданное 02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2023**

С.А. Бакирова¹, А.Е. Кусанова²

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Аннотация

Мақалада қазақ халқының сондай-ақ басқа халықтардың дәстүрлерін би арқылы насихаттай отырып, Қазақстанның ұлттық мәдениеті туралы білімімізді кеңейтіп, әрі тереңдетіп қана қоймай, бүгінгі күнге деген құрмет сезімін тәрбиелеп, құнды мәдени байлықтар үшін, мақтаныш сезімін ояту.

Түйінді сөздер: хореография, би өнері, достық, шығармашылық байланыс.

С.А. Бакирова¹, А.Е. Кусанова²

^{1,2,1}Казахский национальный женский
педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

НАЦИОНАЛЬНОЕ ИСКУССТВО ОСНОВА ЕДИНСТВА

Аннотация

В статье описывается популяризация традиции казахского народа, а также других народов Казахстана посредством танца. Танец способствует расширению знаний о национальной культуре Казахстана, но также и воспитывает чувство уважения к сегодняшнему дню, прививает чувство гордости за богатство культурных ценностей.

Ключевые слова: хореография, танцевальное искусство, дружба, творческое общение.

S.A. Bakirova¹, A.E. Kusanova²

^{1,2} Kazakh National Women's Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)

THE NATIONAL ART IS THE BASIS OF UNITY

Annotation

The article shows how to popularize the traditions of the native people, as well as other peoples through dance, and not only expand and deepen knowledge about the national culture of Kazakhstan, but also foster a sense of respect for today, instill a sense of pride in the richness of cultural values.

Key words: choreography, dance art, friendship, creative communication.

Кіріспе. «Өнер-ұлттың ары мен рухы» - деп елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай өнер біздің асыл қазынамыз, оны сақтап, дамытып, қаймағы бұзылмаған қалыпта кейінгі ұрпаққа жеткізу басты міндетіміз болса, халқымыздың мәдениеті мен өнерін дамыту қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Өнер – өмірдің көрінісі. Өнер – халық ескерткіші. Өнер адамзат өмірінде, тарихында үлкен рөл атқаратын, өрісі кең ұшы қиыры жоқ, қиын да, қызықты ұзақ жол.

Өнер – шынайы талант, шындық, шыдамдылық пен табандылықты, ақыл мен парасатты, терең ой, көркемдік, сұлулықты талап етеді. Өнер туындыларын көргенде, оның мазмұнына мән бере отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жететін рухани байлықты көреміз. Өнердің сан алуан түрі бар. Олардың қандай да түрі болмасын өз-өзіне баға беріп, өзіне және халыққа қызмет етеді. Өнер адамға рухани, ерекше сүйсіну, толқу сезімін оятып, өмірге деген құштарлықты арттырады. Осындай керемет өнердің бір түрі – би өнері.

Зерттеу әдістері: зерттеу барысында тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау жасалынды.

Тақырып бойынша әдебиеттерді талдау. Т.О.Ізім өз зерттеулерінде «Адам баласы өмір сүрген ортасын жәй ғана пайымдап қоймай, оны өз қажеттілігіне байланысты өзгертіп, дамытып отырған. Адамзаттың философиялық көзқарасы, өмірді зерделеуі, діні мен тілі, ұлттық психологиясы мәдениетпен біте қайнасқан. Қай ұлттың болмасын мәдениетін алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. Әр халықтың салт-дәстүрінің өзі рухани қажеттіліктен туындайды. Рухани-мәдени қажеттілік материалдық игіліктерді

қамтамасыз еткеннен кейін барып пайда болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Ал материалдық қажеттіліктен туындаған мәдениет үлгілері талай ғасырды артқа тастап бізге жетті.

Өнер тарихы дегеніміздің өзі-адамзат тарихы. Адамзат ес жиып, етек жапқаннан бері өнермен бірге жасасып келе жатқаны мәлім. Оған дәлел, әр халықтың ғасырлар бойы жинақтап қалыптастырған мәдениеті мен өнері, сол елдің өзіндік бет-пердесін айқындайды. Мәдениетіне, өнеріне қарап-ақ сол халықтың қаншалықты дамыған өркениетті ел екенін тарихынан топшылап, көңіл сарайында таразылап білуге болады», - деп тұжырымдама жасайды [1, 29 б.].

Би – музыкаға, ырғаққа сай дене қимылдары арқылы көркем образ жасайтын өнердің бір түрі. Әр халықтың тіліне, музыкасына, әдет-ғұрып, салт-санасына сәйкес би өнері қалыптасады. Би өнері де ерте ғасырлық өнердің түрі, оның тарихи-әлеуметті жағдайларға байланысты дамып, халық биі, классикалық би түрлері пайда болып, ғылыми тұрғыда жүйеленді. Соның арқасында әр түрлі елдің, жердің өздеріне тән қимыл әрекеттері, тұрмыс салтына сәйкес Еуропалық бал-билері, Африкалық, Азия халықтарының биі болып дамыды.

Би өнері – рухани өмірдің үлгісі. Би өнерін – әсем қимылдардың көркемдік бейнелеу құралдары ретінде ала отырып, осы өнер арқылы тұтас бір халықтың өнері мен мәдениетін суреттеп беруге болады.

Халық биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Халық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, әр халықтың әдебиетімен, музыкасымен, дәстүрлі салтымен біте қайнасып келе жатқан әр ұлттың мұрасы. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретінде би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған. Халық би өнері ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып ғасырлар бойы

дамыған. Халық биі жаңа қиялмен жаңа мазмұнмен дамып отыратындықтан, әрдайым ғылыми зерттеу жұмыстарын қажет етеді.

Халықтың шығармашылық мәдениеті адамның сана-сезімімен бірге адамгершілік болмысын тәрбиелеп іске асырады. Қандай халық болмасын ұлттық мәдениетке мән бермей өзін ұлт ретінде көрсете алмайды. Сондықтан суретші, композитор, балетмейстер өзінің туындысын жазарда халық мәдениетін оқып білуге талпынады. Әр халықтың өзіндік ерекшелігі би өнерінде өз ізін қалдыратыны осыдан болса керек. Би – адамның көңіл күйіне негізделген, музыкалық ырғаққа бағынышты, түрлі қимылдар тізбегімен бейнеленетін өнер. Адам баласына тән әсемдік пен әдемілік, өмірге деген көзқарасы мен көңіл күйі көрініс табады. Тек сол көңіл-күйді білдіретін қимыл-қозғалысты дұрыс тауып, нақтылы қолдана білу қажет. Ырғақ адамның жан дүниесінің көзге көрінбейтін тербелістерін айқын білдіреді. Ал, халық билерінің тууына әр халықтың өзіне тән мінез құлқы, тұрмыс-салты, мәдениеті әсер етеді. Осы орайда хореография өнерін зерттеуші ғалымдардың көптеген еңбектері жарық көрді. Ж. Ж.Новердің «Би және балет туралы хат» және балет педагогикасының тарихындағы А.Бурнонвильдің «Бурнонвиль сабағы», модерн би өнерінің дамуында үлкен роль атқарған А.Дунканның «Менің өмірім», «Болашақтағы би өнері», «Танцевальный учитель» атты алғашқы еңбектер жарық көрді. XX ғасырдағы орыс балет мектебінің негізін салушы А.Я.Ваганованың «Классикалық би негіздері», Г.П.Гусевтің «Балаларға арналған билер», «Достық хороводы», «Хореографиялық мектептегі халық би сабағы», «Халық би сабағының әдістемесі» (станок жанындағы және зал ортасындағы жаттығулар) атты педагог хореографтарға арналған оқулықтары би өнерінің теориялық – ғылыми негізін құрады.

Негізгі бөлім. Балет өнерінің белгілі реформаторы, француз хореографы Ж.Ж.Новерр (1727-1810 ж.ж.) сонау XVIII ғасырда: «Сурет пен бидің

басқа өнер түрлерінен ерекшелігі сол, олар барлық елдер мен халықтар үшін түсінікті тілде сөйлейді, барлық жерде сезімге бірдей әсер етуге қабілетті», - деп жазады [2, 375 б.].

Бидің алғашқы дамуында адамның айтатын ойын қимыл-қозғалыс арқылы білдіруге болатын күйге келді. Уақыт өте адам баласы биді өзінің рухани қажеттілігіне айналдырды.

Би өнерін зерттеуші А.Климов: «Халық биінің, әрқашан айқын тақырыбы, ойы болады, ол мағыналы. Бидің драматургиялық жалпы және нақты негізі және көркем мазмұны болады, онда образдарды дене пластикасының қимыл-қозғалыстары және бидің кеңістіктегі суреттері арқылы береді», - дегені жалпы өнердің барлық түрінде халықтың рухани мәдениетімен тығыз байланыста болатынын көрсетуді білген жөн [3, 320 б.]. Өнер – көркем ой мен биікке ұмтылу, қияға серпілу, шабыт жемісі.

Қоғамның өзгеруіне байланысты, халықтың өмірі мен дәстүрі де өзгеріп отыратыны белгілі. Міне осыған орай өнердің де өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз. Оның тақырыптық идеясы, мазмұны да өзгеріске ұшырап отырады. Халық шығармашылығынан нәр алған би өнерінде осылай өсіп-өркендеуде.

Би өнері сөзден тыс, бірінші кезекте бишілік мәнерлі тәсілдерден, тілдік ойдан туған нәтиже. Бейнелі түрмен өрілген би мазмұны, оның мән-мағынасы ешбір тілге аударылмайтын және басқа ешқандай мәнерлі қатынас құралымен алмастырылмайтын ежелден келе жатқан адамның өзін-өзі танытатын өнер. Жер бетіндегі қандай халықта болмасын өзінің өскен ортасы, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі бойынша дамыған өнердің бір саласы осы би өнері. Осы өнер түріне ғасырлар бойы өзек болған халық күйлері екені сөзсіз. Жалпы музыка әр халықтың сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, би сол сезімдерді дене қимылының әсем ырғақтық пластикасымен аша түсетіні мәлім.

ҚР еңбек сіңірген әртісі, өнертану кандидаты, профессор Т.О.Ізім өзінің еңбегінде «Халықтың

шығармашылығының мәдениеті адамның сана-сезімімен бірге адамгершілік болмысын тәрбиелеп, іске асырады. Қандай халық болмасын ұлттық мәдениетке мән бермей өзін ұлт ретінде көрсете алмасы мәлім. Сондықтан суретші, композитор, балетмейстер, өзінің туындысын жасарда халық мәдениетін оқып білуге талпынады. Қандай да бір халықтың биін қоярда хореограф, географиялық орналасуын, сол халықтың тарихын, әлеуметтік өмірінің ерекшелігін ескереді. Әр халықтың өзіндік ерекшелігі би өнеріне өз ізін қалдыратыны осыдан болса керек», - деп жазады [4, 134 б.].

Тарихқа неғұрлым терең үңілген сайын, жеке тайпалар мен рулардың, ұлттардың мәдениеті оқшау дамымағанына көз жеткіземіз. Сондықтан қазақ халқының да мәдениеті, өнері көрші тайпалармен, рулармен тығыз байланыста болады. Соның ішінде би өнері де ұлттық бет-бейнесін сақтай отырып, көршілес елдердің би өнерімен қатар дамиды. Халықтың жалпы мәдениетінің өсуіне байланысты, бидің де эстетикасы байыпотырады. Аңшылықпен айналысатын халықтар өзінің көптеген билерінде құспен аңдарды суреттеген. Мысалға: солтүстікте тұратын халықтарда осы күнге дейін «Шағала», «Марал» билері сақталуда. Памир, дағыстан, черногор тау халықтарының көптеген билерінде бүркіттің аспанда халықтап ұшуы, оның аң аулауы көрсетіледі. Ал қазақ халқында «Қоян бүркіт», «Құсбегі дауылпаз» билері аттары айтып тұрғандай аңшылық кәсіпке арналған билер.

Би өнері күллі адамзат баласына ортақ дүниежүзіндегі халықтардың барлығына бірдей түсінікті. Әр халықтың ұлттық ерекшеліктеріне орай би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әр түрлі болып келеді. Әр халықтың белгілі бір ережелерге бағындырылған әсем де, сұлу, нәзік қимылдарынан келіп би туындайды. Осылай жинақтала, уақыт таразысынан өте бүкіл жер жүзі халықтарында көркем би өнерінің қағидалары қалыптасты.

Биден әр халықтың өзіндік сипатын анық байқаймыз. Сондықтан да біз халық билеріне көңіл бөлеміз. Себебі, әр халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын, салтын, тұрмыс-тіршілігін айнытпай таныта алатындықтан, біз оларды бір-бірінен оңай ажырата аламыз. Қандай бір ұлттың биі қойылғанда, балетмейстер сол елдің салт-дәстүріне, ұлттық үрдісіне көңіл бөледі.

«Би шығармашылығы – әлемдік көркемдік тұрғыдан танудағы көркем өнердің көне пішіні. Ертеден-ақ табиғат күші мен ауыр еңбектен қалжыраған ата-бабаларымыз еңбек процесін бір сәт сезім күйімен серпілтіп, сергітуді үйренді. Өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты әрі еңбек атмосферасында өмір өткізетін адамның бар тіршілік әрекеті үйреншікті жұмыс істеу кезіндегі ой-қиял мен қимыл-қозғалысынан өнер элементтерін бойына жиған эмоциялық-пластикалы бидің негізі өмірге келді» [5, 165 б.]. Би өнері - әр халықтың өзінің өскен ортасына, салт-дәстүріне байланысты қалыптасқан. Ал қазақ халқының би өнерінің дамуына негіз болған халық әуені. Жалпы музыка – әр халықтың сезімі және ішкі жан дүниесін білдірсе, ал би өнері сол сезімдерді дененің әсем қимылымен өрнектейді. Қазақстан хореографиясының тарихына зер салсақ сахналық қазақ би өнерінің негізін салған Шара Жиенқұлова екені баршамызға мәлім. Қазақ халқының мұрасын жинап, болашаққа ұсынып кеткен ұлы ұстаз. Шара Жиенқұлованың бойындағы рухани ынтымақ, бірлік, арман-мұрат, ой-пікірлері, жан дүниесіндегі жақсылыққа құмар сезімдері, тілектері бір арнада тоғысып, бір елдің болашақ өнері үшін тер төкті.

Өнегелі өмір белестерінде өз биігін тапқан биші қазақ өнерінің уығын шаншысып, шаңырағын көтерісті. Халқымыздың рухани қазынасы болған би өнерін қастерлеп, молайта беруді келер ұрпаққа өсиет етті. Өмірі мен өнерін тең ұстаған дана ұстаздың салған сара жолы қазақ халқының би өнерін адастырмай алып келеді.

Қ.Байсейітов «Құштар көңіл» кітабында қазақ би өнерінің қалыптасуы жайлы: «Кейін Тәттімбеттің

«Былқылдағын» тұла бойымен былқылдатып билеп Шара шықты. Мәскеуліктерге айырықша әсер еткен бір нөмір хореография мектебі оқушыларының би болды, қазіргі тілмен айтқанда, ол бір сенсация болып еді. Кіл өңкей сегіз-тоғыз жастағы қазақтың ұл-қыздары, барлығы жиырма төрт бала П.И.Чайковскийдің «Ұйқыдағы аруынан» би биледі. Залдағы жұрттың сондағы сезім әсерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бізден ондайды күтпеген ғой олар, мәдениеті мешеу дамыған халық дәл осындай жасөспірімдерінің өнерін көрсете қояр деп ойламағанда болуы керек, біздің бүлдіршіндердің биге шыққаны, би болғанда, Чайковскийге билегені шынында да олар үшін күтпеген керемет болды.

Қазақ балет өнерінің басталуы дегенде мен ылғи Александр Артемович Александровты (шын фамилиясы – Мартиросянц) есіме аламын. Әлгі жиырма төрт баланы биге әзірлеген сол кісі болатын. Қазақтың тұңғыш хореография өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірді, ұлттық балетке бетбұрыс, бастама жасады. Оның алдында ұлттық би жөнінде біз біраз жалтақтап жүрдік, біресе өзбекшелеп, біресе тәжікшелеп билеп кеткенбіз. Ал Александров: «Әр балетке халық тұрмысы негіз болу керек» деген қағида ұстанды. Сол бойынша оған біздер қазақ тұрмысын, әдет-ғұрпын әбден егжей тегжейлі түсіндірдік. Айту бойынша жоба жасау да жеңіл дүние емес, зеректігінен болар, киіз басу, садақ ату, көкпар, қара жорға секілді халықтық билерді алғаш сахнаға шығарған – сол Александров», - деп жазуы қазақ халқының кәсіби хореографиялық өнерінің дамуы А.А.Александровтан бастау алғанын көрсетеді [6, 142 б.].

Қазақстан хореография өнеріндегі ұлтаралық шығармашылық байланыстың Ш.Жиенқұлованың туысқан өзбек халқының мақтанышы Муккарам Тұрғынбаевадан «Қатта-ойн» биін үйренуінен басталып, қазақ би өнерін дүниежүзі халықтарына танытқаны деп білеміз.Өз еңбегінде:«Өз басымның мақтанышы аз болмады: әлемге әйгілі халық би ансамблінің жетекшісі Игорь Моисеев мені өзі

коллективіне бірнеше қазақ биін қойып беруге шақырды. Шын ықыласыммен келісім бердім, өйткені, атышулы ұжымнан менің де үйренерім аз емес-ті. Дүниежүзі халықтарының би өнерінің үлкен білгірі Игорь Александровичтен ақыл-кеңес сұрауым керек, көптен көңілімді күпті қып жүрген нәрсем – жеке би ансамблін құрып, оған СССР халықтары және дүниежүзі халықтарының билерін негіз етіп алсам дейтінмін», - деп жазды. [7, 121 б.]. Ш.Жиенқұлова Моисеевтің ұсынысын қуана қабылдап, «Айжанқыз», «Қаражорға», «Балбырауын» билерін қойып, өзі де көп нәрсені үйренді. Ұжым жетекшісінің қандай болу керектігін, репертуарды қалай таңдауды, әлем билерінің техникасын меңгеру жолдарын үйреніп, бір әдістемелік мектептен өткендей болады. Ізденіс – өнердің серігі, ізденіссіз өнер баяғыдан бері өзінің тапқан және жаратқан романтикасын жоғалтып алар еді - дегендей Ш.Жиенқұлова өзінің табандылығымен, ізденімпаздығымен 1940 жылы ән-би ансамблін ұйымдастырды. Ансамбль репертуары қазақ халық биінен және дүниежүзі халықтарының ән-биінен құралды. Онда орыс, украин, грузин, армян, әзірбайжан, араб, моңғол, ауған, үнді, тәжік, өзбек, түркімен, қарақалпақ, ұйғыр, дүнген, қытай, жапон, испан, татар және Балтық теңіз жағалауы халықтарының шығармалары болды. Осы ансамбль арқылы көрермендер, өзге ұлттардың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен танысса, Қазақстанда өмір сүретін әр түрлі ұлттар өздерінің ұлттық биін көргенде жүрегінің тереңінде жатқан ой-арманын көргендей әсер алады.

Ш. Жиенқұлованың бастамасымен өмірге келген ансамбль Қазақстан хореография өнерін дамытуда көптеген жетістіктерге жетті. Ансамбльдің репертуарында: «Алатау қойнауында», «Алты-бақан», «Дауыл», «Жігіттер», «Көбелек», «Көкпар» атты ұлттық билеріміз және орыс биі «Кадриль», «Полька», «Барыня», «Перепляс», өзбек билері «Дильдор», «Кездесу», тәжік билері «Арқан», татар биі «Женихи», ұйғыр биі «Чабан», және «Горлица», «Вихор» атты украин билері болды.

Осы үрдісті жалғастыруда Қазақстанда 1954 жылы құрылған ҚазССР-нің ән-би ансамблі, 1985 жылы құрылған Мемлекеттік «Алтынай» би ансамблі және көптеген жеке орындаушы бишілер еңбек етті. Соның бірі «Гүлдер» ансамблінде өнер көрсеткен, әлемнің 52 еліне қазақ би өнерін танытқан, Қазақ КСР Халық әртісі Талпақова Гүлжан Ізімқызы. Тарихшы-этнограф ғалым Ө.Жәнібеков өз еңбегінде: «Жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік ІХ фестивалі 1968 жылы Софияда (Болгария) өтті. Қалыптасқан тәртіп бойынша фестивальге баратын өнерпаздар бір ай бұрын Мәскеуге жалпы репетицияға шақырылады. Конкурса Гүлжан Талпақова жіберілетін болды. Ол билейтін күні өзім барлық қазақстандықтарды, Орталық Азиядан, Солтүстік Кавказдан, фестивальге келген делегаттардың біразына конкурс өтетін залда болып қазақ бишісіне қызу қолдау көрсетіңдер деп өтіндім. Конкурса қатысу табысты болды. Г.Талпақова ІІ орынға ие болып, фестивальдің күміс медалін көкірегіне тақты» - деп жазуы, халқымыздың би өнерінің әлемге танылуының бастамасы деп білеміз [8, 56 б.]. Н.Ә. Назарбаев «Кімдер не десе де, Гүлжан, сен әлем халықтарының билерін орындаушы ретінде біздің тарихымызда алтын әріппен жазылған бет болып қаласың!» деп баға береді. Г.І. Талпақова өзінің сахналық шығармашылығында «ТМД мемлекеттерінен бөлек, АҚШ, Корея, Үндістан, Пәкістан, Малайзия, Сингапур, Финляндия, Швеция, Голландия, Чехословакия, Германия, Венгрияны араладым. Барлық елдің де көрермендері бір-біріне көп ұқсайды. Негізінен олар қарапайым адамдар. Өнерде шекара жоқ, ұлтты таңдамайды. Оның тілі біреу ғана, ол – сезім, эмоция, көрерменнің табиғи, эстетикалық талғамы, ішкі мәдениеті. Мысалы қазақтың «Қыз қуу», «Алтынай», «Еркебала» биі әлем халықтарының көңілінен шығады. Өйткені, ондағы қимыл қозғалыс иірімі бүкіл ұлтқа ортақ. Көрерменді ұлтына қарап бөле алмаймын» - деп өз ойын білдіреді [9, 12 б.].

Қорытынды. Әр халықтың мәдениетіне, салт-дәстүріне деген құрмет 130 дан астам ұлт пен ұлыс

өкілдерінен тұратын Қазақ елі үшін береке, бірліктің, ынтымақтастықтың айғағы.

Ө. Жәнібеков осы ұлттар арасындағы достық жайлы «Қазақ халқының өзі тектес негізін құрған далалық аймаққа қоныс аударғандармен де достық, бауырмалдық қатынаста болып, оларды ұйымдастыруға үлкен үлес қосқан халық. Өзі ұстанған бағытын кімнен де болса қорғай алады. Тағдыр бірге өмір сүруге жазғандықтан Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлыстардың арасындағы достық пен бауырмалдықты нығайтуда – өнердің алатын орны ерекше» - деп жазды [8, 143 б.]. Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы еліміздің бірлігінің кепілдігі. Әр ұлттың ұлттық киімін, әуенін, би қимылын, мазмұнын көрсететін хореография өнері – барлық халықтарға ортақ тіл.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ізім Т.О. Уақыт және би өнері. – Алматы, 2008. – 190 б.
2. Новерр Ж.Ж. Писма о танце. – Москва, 1965. – 316 б.
3. Климов. А. Основы русского народного танца. – Москва, 1994. – 320 б.
4. Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 687 б.
5. Энциклопедия «Қазақ өнерінің тарихы». 1 том. – Алматы, Арқас, 2006. – 392 б.
6. Байсейтов Қ. Құштар көңіл. – Алматы, 1977. – 231 б.
7. Жиенқұлова Ш. Өмірім менің – өнерім. – Алматы: Жазушы, 1983. – 192 б.
8. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1995. – 224 б.
9. «Мәдениет» журналы. – №7(82). – Шілде. – 2013.

References:

1. Izim T.O. *Uaqyt zhane bi oneri*. – Almaty, **2008**. – 190 b. (*In Kazakh.*)
2. Noverr Zh.Zh. *Pisma o tance*. – Moskva, **1965**. – 316 b. (*In Russ.*)
3. Klimov. A. *Osnovy russkogo narodnogo tanca*. – Moskva, **1994**. – 320 b. (*In Russ.*)
4. *Qazaqstan men Ortalyq Azijanyn dasturli zhane qazirgi oneri*. Halyqaralyq gylymi-praktikalyq konferencija materialdary. – Almaty: Ush qijan, **2004**. – 687 b. (*In Kazakh.*)

5. Jenciklopedija «Qazaq onerinin tarihy». 1 tom. – Almaty, Arqas, **2006**. – 392 b. (*In Kazakh.*)
6. Bajsejtoy Q. *Qushtar konil*. – Almaty, **1977**. – 231 b. (*In Kazakh.*)
7. Zhienqulova Sh. **Omirim menin – onerim**. – Almaty: Zhazushy, **1983**. – 192 b. (*In Kazakh.*)
8. Zhanibekov O. *Uaqyt kerueni*. – Almaty: Zhazushy, **1995**. – 24 b. (*In Kazakh.*)
9. «Madeniet» zhurnaly. – №7(82). – Shilde. – **2013**. (*In Kazakh.*)

**ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨНЕР
CHOREOGRAPHY ARTS
ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЕ ИСКУССТВО**

1. ***Х.М. Махмутова¹,
Г.Ю. Саитова²
H.M. Makhmutova¹,
G.Y. Saitova²*** *ҰЙҒЫР БИ
ФОЛЬКЛОРЫН
ЗАМАНАУИ
КӨЗҚАРАС АРҚЫЛЫ
ТАЛДАУ*
- АНАЛИЗ УЙГУРСКОГО
ТАНЦЕВАЛЬНОГО
ФОЛЬКЛОРА ЧЕРЕЗ
ПРИЗМУ
СОВРЕМЕННОГО
ВЗГЛЯДА*
- ANALYSIS OF UYGHUR
DANCE FOLKLORE
THROUGH THE PRISM
OF A MODERN VIEW* **5**
2. ***С.А. Бакирова¹,
А.Е. Кусанова²
S.A. Bakirova¹,
A.E. Kusanova²*** *ХАЛЫҚТАРДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІНІҢ
БАЙЛАНЫСЫ*
- НАЦИОНАЛЬНОЕ
ИСКУССТВО ОСНОВА
ЕДИНСТВА*
- THE NATIONAL ART IS
THE BASIS OF UNITY* **16**

МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕР
MUSICAL ART
МУЗЫКАЛЬНОЕ ИСКУССТВО

3. **Б.А. Шавхелишвили¹,** ЯЗЫК И МУЗЫКА
К. Вамлинг² (НА МАТЕРИАЛЕ ЦОВА-
В.А. Shavkhelishvili¹, ТУШИНСКОГО /
К. Vamling² БАЦБИЙСКОГО ЯЗЫКА
И ФОЛЬКЛОРА)
- ТІЛ ЖӘНЕ МУЗЫКА
(ЦОВА-ТУШИН / БАЦБИ
ТІЛІ МЕН
ФОЛЬКЛОРЫ
НЕГІЗІНДЕ)
- LANGUAGE AND MUSIC
(BASED ON THE
MATERIAL OF TS'OVA-
TUSH / BATSBI
LANGUAGE AND
FOLKLORE)

28

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

4. **Р.К. Досжан¹** ПРОБЛЕМА БЫТИЯ В
Р.К. Doszhan¹ НАСЛЕДИИ АЛЬ-
ФАРАБИ И ЕГО
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ С
СОВРЕМЕННЫМ
НАУЧНЫМ
ПОЗНАНИЕМ
- ӘЛ-ФАРАБИ
МҰРАСЫНДАҒЫ
БОЛМЫС МӘСЕЛЕСІ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ

ТАНЫММЕН
САБАҚТАСУЫ

THE PROBLEM OF
EXISTENCE IN THE
HERITAGE OF AL-FARABI
AND ITS CONTINUITY
WITH MODERN
SCIENTIFIC
KNOWLEDGE

50

5. **A. Kадaria¹,
N. Vakhania²**
**А. Кадария¹,
Н. Вахания²**

NATIONALITY,
ETHNICITY, THE
TRIBALISM
OF THE NATION...

ҰЛТЫ, ЭТНИКАЛЫҚ
ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ,
ҰЛТЫҚ ТРАЙБАЛИЗМ...

НАЦИОНАЛЬНОСТЬ,
ЭТНИЧЕСКАЯ
ПРИНАДЛЕЖНОСТЬ,
ТРАЙБАЛИЗМ НАЦИИ...

65

6. **M. Katsitadze¹,
M. Turava²**
**М. Кацитадзе¹,
М. Турава²**

РОЛЬ АРТ-
МЕНЕДЖМЕНТА В
МУЗЫКАЛЬНОМ ШОУ-
БИЗНЕСЕ МЕЙДЖОР-
ЛЕЙБЛОВ

МЕЙДЖОР-ЛЕЙБЛДЕР
МУЗЫКАЛЫҚ ШОУ-
БИЗНЕСТЕГІ АРТ-
МЕНЕДЖМЕНТТІҢ РӨЛІ

THE ROLE OF ART
MANAGEMENT IN THE
MUSIC SHOW BUSINESS
OF MAJOR LABELS

80

7. **M. Antadze¹,
M. Turava²
М. Антадзе¹,
М. Турава²**
- ABODE OF
«KHTISSHVILI»¹
(ACCORDING TO THE
STORY «KHTISSHVILI» BY
GODERDZI CHOKHELI)
- «ХУЦИШВИЛИ» МЕКЕНІ
(ГОДЕРДЖИ
ЧОХЕЛИДІҢ
«ХУЦИШВИЛИ»
ӘҢГІМЕСІ БОЙЫНША)
- ОБИТЕЛЬ
«ХУЦИШВИЛИ»
(ПО РАССКАЗУ
ГОДЕРДЗИ ЧОХЕЛИ
«ХУЦИШВИЛИ»)
- 90
8. **T. Koberidze¹,
N. Mindiashvili²
Т. Коберидзе¹,
Н. Миндиашвили²**
- ABKHAZIA IN MODERN
GEORGIAN WRITING
- АБХАЗИЯ В
СОВРЕМЕННОЙ
ГРУЗИНСКОЙ
ПИСЬМЕННОСТИ
- ҚАЗІРГІ ГРУЗИН
ЖАЗУЫНДАҒЫ
АБХАЗИЯ
- 103
9. **T. Sumbadze¹,
N. Vakhania²
Т. Сумбадзе¹,
Н. Вахания²**
- ILIA CHAVCHAVADZE
WITH THE WORLDVIEW
OF SIMON CHIKOVANI
- ИЛЬЯ ЧАВЧАВАДЗЕ
СИМОН ЧИКОВАНИДІҢ
ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДА

*ИЛЪЯ ЧАВЧАВАДЗЕ В
МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКО
Й КОНЦЕПЦИИ
СИМОНА ЧИКОВАНИ* **117**

**Авторлар туралы мәлімет
Information about the authors
Сведения об авторах** **128**

Мазмұны/Contents/ Содержание **132**

«ARTS ACADEMY»

scientific journal
қыркүйек/ march/ сентябрь
2023

Пішім/ Format/ Формат 170x260.
Офсетті қағаз/ Offset paper/ Бумага офсетная.
Көлемі/ Scope/ Объем – 8,56 пл.

Қазақ ұлттық хореография академиясы
Kazakh National Academy of Choreography
Казахская национальная академия хореографии

Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
және аккредиттеу бөлімі
The department of science, postgraduate education and accreditation
Отдел науки, послевузовского образования и аккредитации

010000, Астана/ Астана
Ұлы Дала/Uly Dala, 43/1, офис/ office/ офис – 470
8 (7172) 790-832
artsballet01@gmail.com
artsacademy.kz